



Жарқын Жұпархан

1987 жылы қазанның 15-ші жұлдызын да Моңғолияның Баян-Өлгей аймағынның Улан-хус сумында дүниеге келген. 2005 жылы атамекенге қоныс аударған. Ал 2011 жылы М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың Журналистика мамандығы бойынша тәмамдаған. Ал қазіргі уақытта облыстық халық шығармашылығы және мәдени -демалыс қызметінің орталығының, қазақ бөлімінде қызмет атқарады. Өлеңдері облыстық газет-журналдарда тұрақты жарық көріп тұрады. «Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі» тақырыбындағы облыстық рефераттар байқауының бас жүлдегері және I-ші дәрежелі облыс әкімінің төсбелгісімен марапатталған (2008ж). «Жас Отан» жастар қанаты Петропавл қалалық филиалының ұйымдастыруымен өткен «жырдың мәні теренде» атты жазба ақындар сайысының I-ші орын иегері (2009ж). Астананың 10 жылдығына арналған қалалық V-ші жазба ақындар арасында өткен мүшайрада II-ші орын (2008ж). «Мен жастарға сенемін» қалалық Мағжан оқуларында II-ші орын.(2008ж). Керкем әдебиетті насихаттауды жандандыру мақсатында өткізілген қалалық Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауында III-ші орын.(2009ж). ҚР-ның Конституция күніне және Қазақстан халқы тілдерінің фестиваліне орайластырып өткізілген «Жігіт сұлтаны» қалалық байқауының «Гран-При» жүлдесінің иегері.(2009 ж). Тұңғыш тіл заңының қабылданғанына 20 жыл толуына және Қазақстан халқы тілдері күніне орай Шал ақын ауданында өткізілген аймақтық ақындар айтысының III-ші орын иегері. ҚР-ның мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Менің Қазақстаным, менің жерім» атты республикалық жас өнерпаздардың шығармашылық конкурсында II - ші орын иегері.(2009ж). Мұқағали Мақатаев атындағы III-ші облыстық байқаудың «Гран-при» жүлдесінің иегері.(2009ж). Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналға және Мұқағали Мақатаевтың туғанына 80 жыл толуы мерей тойына арналған «Мұқағалидай ақыны бар халық бақытты» атты аймақтық ақындар айтысында II-ші орын (2011). Академик, жазушы С. Мұқановтың туғанына 110 жыл толуна орай өткізілген аймақтық ақындар айтысында III-ші орын (2010ж). Солтүстік Қазақстан облысы жастарының I-ші шығармашылық «Жас дарын» фестиваліде II-ші дәрежелі дипломмен марапатталған.(2010ж). Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған аймақтық ақындар айтысында I-ші орын. (2010 ж). Құлсары батыр Бөріұлы мазарының ашылуына арналған аймақтық ақындар айтысында II-ші орын.(2011ж). Облыстық М. Жұмабев атындағы «Мен жастарға сенемін» байқауының I-ші орын.(2011ж). Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған қалалық ақындар айтысында III-ші орын.(2011ж). Наурыз мейрамы қарсаңында өткізілген «Тәуелсіздік тұғырым» атты аймақтық ақындар айтысында I-ші орын (2011ж).

Қазақтың әйгілі жазушысы Ғабит Мүсіреповтің туғанына 110 жыл толуына орайластырып өткізілген облыстық ақындар айтысының «Гран-При» жүлдесінің иегері. Сомен бірге осы тойға орайластырылған облыстық мүшайраның 2-ші орын игері. (2012ж). Тәуелсіздік мейрамына орайластырылып өткізілген аймақтық ақындар айтысының «Бас жүлде» игері. (2012ж). Қажаберген жыраудың 350 жылдығына арналған «Елім-ай!» деп өткен есіл ер» атты республикалық жыр мүшайрасында, Ғабит Мүсірепов атындағы арнайы жүлдемен марапатталған.(2013ж) Көкшетау қаласында, Абылай ханның 300 жылдығы және тәуелсіздік мерекесіне орайластырылып өткізілген аймақтық ақындар айтысының 2-ші орын иегері.(2013ж). Қызылжар қаласында тәуелсіздік мерекесіне арналған облыстық ақындар айтысының бас жүлдесінің иегері. (2013ж). Өлеңдері «Қызырлы Қызылжар» атты облыстық жас ақындардың жыр жинағында жарық көрген.